

Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы КИРИЛЛДЫҢ
архипастырларға, пастырларға, диакондарға монах қызметіндегілерге
және Орыс Православие Қауымының
барлық сенімді ұл-қыздарына Рождестволық жолдауы

Құдай сүйген аса Қасиетті архипастырлар, аса құрметті пресвитерлер мен диакондар тақуа иноктар мен инокинялар, қымбатты аға-інілер мен әкпе-қарындастар!

Шын жүреппен барлықтарыңды ұлы Христос Рождествосы мерекесімен: Киелі Тыннан және Ең Киелі Мария Қыздан Құдай Ие және Құтқарушы Иисус Христостың денеленіп туылған мерекесімен құттықтаймын. Бүгін біз барлық адамдарды Қауыммен бірге Жаратушы Тәңірге: *«Құдай Иеге бүкіл жер әлемі ән айтсын»* (Христос Рождествосы канонының 1-ші әнінің ирмосы) деген сөздермен мадақтаулық айтуға шақырмыз.

Өзінің жаратуын сүйген бәрінінен де Игі Құдай Біртұған Ұлын – көп күтілген Мәсікті, Оның біздің құтқаруылымыздың ісін атқаруы үшін жіберді. *Әкесімен бірге болған Құдай Ұлы* (Ин. 1, 18) Адам Ұлы болып, біздің әлемімізге келді, бізді Өзінің Қанымен күнәдан құтқару үшін және өлімнің шанысқышы адамдарды бұдан әрі қорқытпауы үшін.

Христосқа бас иген бақсылар, Оған сый әкелгенін біз білеміз. Құдайлы мұғалімге біз қандай сый әкеле аламыз? Оның Өзінің бізден сұрағаны: *«маған жүрегіңді бер, және сенің көздерің менің жолдарымды қарасын»* (Притч. 23, 26). Жүректі беру деген не? Жүрек – өмірдің нышаны. Егер ол тоқтаса, адам бұл өмірден кетеді. Құдайға жүрегіңді беру деген – Оған өміріңді арнау деген. Бұл арнаулық бізден, біздегі барды арнауды талап етпейді. Біз жүрегімізден Құдайдың болуына кедергі еткендерді тазалауға шақырылғанбыз. Барлық ой қабілетіміз өзіміздің «мендігімізді» ғана ойласа, жүрегімізде жақынымызға орын болмаса, Құдай Иегеде онда орын болмайды. Жақынымыздың жүрегімізде болуы ең алдымен басқа адамның қайғысына ортақ бола алып, оларға мейірімділік істермен жауап беру.

Құдай Ие бізден, *Оның жолдарын бақылауды* талап етеді. Құдайдың жолдарын бақылау деген – өзіңнің өмірінде және адамзат тарихында Құдайдың болуын көру: Құдайдың махаббатының әлемде болуын, Оның әділетті ашуын көру.

Өткен жылы, халқымызда, ХХ ғасырда болған аянышты, қайғылы сенім үшін қуғыншылық оқиғаларды еске алумен толы болды. Біз жаңа азапкерлермен куәгерлердің ерліктерін, өздерінің Христосқа жан қиярлығын куәландырғандығын еске алдық. Бірақ сол қаһарлы кезде де Құдай Өзінің мейірілімдігін көрсетті: шарасыз екі жылдық үзілістен кейін Орыс жерінде Патриаршество қайта құрылып, ауыр жылдардағы сынақта Қауым таңдаулы Алдатұрар, даналы және қайратты пастырға, киелі епископ Тихонға ие болды, оның Құдіретті Жаратушының тағының алдында зейінді мінажатымен Қауым және халық от жалынды сынақтан өте алды.

Кәзір біз ерекше кезенді бастан кешіріп жатырмыз: қайғы-қасірет әлемнен кеткен жоқ, күн сайын біз *соғыс жайында естиміз* (Мф. 24, 6). Бірақ Құдай махаббаты адам затына төгілгені соншалықты! Әлем жамандықтың күшіне қарамастан өмір сүреді, ал адамзат махаббаты, отбасылық құндылықтар – зәулімді күшпен оларды бұзуға, қорлауға және теріс бұрмалауға қарамастан оларды жеңе алмады. Құдайға деген сенің көптеген адамдардың жүрегінде тірі. Ал біздің Қауымымыз, жақын келешектегі он жылдықтар бойы қуғыншылыққа, және бүгінгі күнге беделді жоюға жіберген тетікке қарамастан, Христоспен кездесетін орын болған және әр қашанда болады.

Бүгінгі күнгі сынақтан өте, тарихи Рустің халықтары өздерінің рухани бірлігін сақтап, оңдап, материалды өркендеп, әлеуметті сәтті бола алатынына біз сене аламыз.

Христос Рождествосы адамзат тарихының орталық оқиғасы. Адамдар әр қашанда Құдайды іздеді, бірақ бізге мүмкіндігінше толықты Жаратушы Өзін – Үшбірікті Құдай ретінде – адамзат тегіне Біртуған Ұлы арқылы көрсетті. Ол күнәлі жерге, адамдарды Аспан Әкенің рахымдылығына лайықтандыру үшін және әлемге: *«Тыныштығымды сендерге қалдырамын, Менің тыныштығымды сендерге беремін»* (Ин. 14, 27) деген өсиетпен берікті іргетас орнатуға келді.

Биылғы жыл біздің халқымызға және тарихы Рустің барлық халықтарына бейбітшілікті және сәтті болсын. Вифлеемде дүниеге келген Құдайнәрестесі бізге қорқынышты жеңетін үміт алуға, және сенім арқылы адам өмірін арайландыратын Құдай махаббатының күшін сезуге көмек берсін.

Аумин.

МӘСКЕУ ЖӘНЕ БҮКІЛ РУСЬ ПАТРИАРХЫ

Христос Рождествосы

2017/2018 жж.